



Сабақтағы сергіту сәттері

Актанова Марал Тенизбаевна

Мақсаты:

- Оқушылардың көңіл-күйін көтеру,*
- Сабаққа белсенділігін арттыру*
- Оқуға қызығушылығын тудыру*
- Ынтымақтастық ахуал қалыптастыру*

*Шығыс даналығы: Өмірде ең өзекті
жаңалықтардан да
маңызды нәрсе бар:
ол – соған мүмкіндік берген
әдістерді білу.*



5-7 сынып оқушылары үшін сергіту жаттығулары



«Жұп санмын»

- Қатысушылар дөңгелене отырып, кезекпен санайды. Жұп санын айтатын адам санның атын атаудың орнына, «жұп санмын» деп айтуы керек. Кім жаңылысса, сол ойыннан шығады.*

«Жаңылыспаймын» әдісі

- *Қатысушылар дөңгелене тұрып, кезекпен бірден отызға дейін, сосын кері қарай санайды. Үшке еселік санды айтатын адам сол санның орнына «Жаңылыспаймын» деп айтуы керек. Кім жаңылысса, сол ойыннан шығады.*

«Дирижер» әдісі

- Жүргізуші бір геометриялық фигураны немесе математикалық өрнекті ауаға жазып көрсетіп, сұқ саусағымен кімді көрсетсе, сол адам сол қимылды қайталауы керек. Кім тез қайталай алмаса, сол ойыннан шығады. Жүргізуші бір қимылды бірнеше адамға жасата отырып, белгілі бір дыбыстар шығаруы керек.*

«Атомдар мен молекулалар» әдісі

Жүргізуші «атомдар» деген кезде ойыншылар жеке дара жүреді де, «молекулалар, бесеуден» немесе «молекулалар, үшеуден» деген кезде, бес немесе үш адамнан тез арада топтасады. Кім топқа қосыла алмай қалса, айып төлейді: өз өнерін көрсетеді немесе көпшіліктің тілегін орындайды.



«Қызықты сұрақ» әдісі

Сыныпқа тақырыпты ашатын, бірақ жауабы қиындау сұрақ қойылады. Тапқан оқушыны мадақтап, ешкім таппаса, жауабын мұғалімнің өзі айта отырып, сабақтың тақырыбын айтады.

Сұрақтар: Неліктен? Ол кім, бұл не? сипатында болып келеді.

8-11 сынып оқушылары үшін серіту жаттығулары



«Ой мен Тіл»

- Есте қалған қанатты, нақыл сөздерді ретімен айтып шығу.*

«Тапқырлық» әдісі

Топ басшысы топтағы оқушының әрқайсысына әріп айтады. Олар сол әріптен басталатын математикалық термин айту керек.

«Көзқарас» әдісі

- *Екі оқушы жұптасып бір-біріне қарап көңіл күйлеріне жақсы көзқарасын айтады.*

«Поэзия минуты» әдісі

Оқушылар бірінен соң бірі 1 шумақ математикалық өлеңді ұйқастыра отырып жалғастырыу керек .

**Әуенмен геометриялық
фигураларды оң жақтан
сол жаққа және керісінше
қолмен ауаға сызып
билейді.**

